

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«Астана даму орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі («Астана даму орталығы» ЖШС) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдау нәтижелеріне негізделген

«Астана даму орталығы» ЖШС қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларға жол бермеу мақсатында жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісінің атауы:

«Астана даму орталығы» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негізі:

– 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 116-тармағын орындау;

– Серіктестік Басқарма төрағасының 2026 жылғы 26 мамырдағы № 02-21/18-ОД «Серіктестіктің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі:

2026 жылғы 01 маусым – 2026 жылғы 13 маусым

Серіктестік қызметінің талданатын кезеңі:

2025 жылғы 01 маусым – 2026 жылғы 01 маусым

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге арналған персонал: Серіктестіктің комплаенс жөніндегі офицері – А.Ж. Байқанов.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Серіктестіктің қызметіне қатысты нормативтік құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, оның ішінде дискрециялық өкілеттіктер мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін нормаларды анықтау.

2) Серіктестіктің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Серіктестік қызметіне әсер ететін ішкі нормативтік құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Серіктестіктің жалғыз қатысушысы «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі, БСН 010840001484, орналасқан жері: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бейбітшілік көшесі, 11.

Серіктестік өз қызметін 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-І «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Жарғысына, Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарына (бұдан әрі – ІНҚ), жасалған тапсырма шарттары шеңберінде Серіктестіктің қызметін реттейтін құжаттарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі – НҚА) сәйкес жүзеге асырады.

Серіктестіктің негізгі мақсаттары:

- Астананың әлеуметтік-экономикалық дамуына және мемлекеттік инвестициялық саясаттың негізгі бағыттарын іске асыруға жәрдемдесу;
- Инвестициялар тарту мәселелері бойынша әртүрлі мемлекеттік және уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасау;
- Инвестициялар тарту және инвестициялық жобаларды сүйемелдеу мәселелері бойынша отандық, шетелдік және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру және перспективалы ынтымақтастықты жолға қою;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестициялар тарту жөніндегі іс-шараларды іске асыруға жәрдемдесу, оларға сервистік қолдау көрсету;
- Инвестицияларды қолдау жөніндегі мемлекеттік өңірлік бағдарламаларды іске асыруға қатысу;
- Инвестициялық қызметті жүзеге асыру мәселелері бойынша әлеуетті инвесторларға ақпараттық, консультациялық және ұйымдастырушылық қолдау көрсету;
- Жүктелген міндеттер шеңберінде әртүрлі деңгейдегі инвестициялық бизнес-форумдарды, көрмелерді, семинарларды және өзге де іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;
- Астана қаласының кәсіпкерлік қоғамдастығының серіктестік бағдарламаларын инвестициялық бағытта ақпараттық-консультациялық сүйемелдеу және елорданың инвестициялық тартымды қала ретіндегі имиджін нығайту;
- Инвестициялық жобаларды медиа-сүйемелдеуге, жеке ақпараттық ресурстар арқылы және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау арқылы елорданың инвестициялық әлеуетін ілгерілетуге қатысу.

Талдау барысында Серіктестіктің қызметіндегі жекелеген процестерді реттейтін негізгі НҚА, сондай-ақ Жарғы және ІНҚ қарастырылды.

Талдау пәні ретінде ұйымның уәкілетті тұлғаларының басқарушылық шешімдер қабылдау кезіндегі дискрециялық өкілеттіктерін белгілейтін

нормалар, сондай-ақ осы шешімдердің ықтимал сыбайлас жемқорлық құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатын ережелер алынды. Дискрециялық өкілеттіктер уәкілетті тұлғаның тиісті емес (оның ішінде сыбайлас жемқорлық) мінез-құлқына ықпал ететін факторға айналады, егер олардың шекаралары нақты айқындалмаған немесе оларды қолдану критерийлері болмаған жағдайда.

Ұйымның Жарғысына сәйкес, Серіктестік органдарының әрқайсысының (Жалғыз қатысушы және Басқарма) құзыреті Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-І «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының талаптарына сәйкес келеді.

НҚА және ІНҚ-да Серіктестік органдарына өз қалауы бойынша шешім қабылдау мүмкіндігін беретін немесе жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде кедергілер жасауға ықпал ететін нормалар анықталған жоқ.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырайтын лауазымдарды анықтауды қоса алғанда, адами ресурстарды басқару

Серіктестіктің персоналды басқару мәселелері қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес ІНҚ арқылы реттелген, атап айтқанда, 2025 жылғы 24 желтоқсандағы №52 Басқарма хаттамасымен келесі құжаттар бекітілді: «Серіктестіктің кадр саясаты», «Серіктестіктің корпоративтік этика және мінез-құлық кодексі», «Серіктестіктің жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссиясы туралы ереже», «Серіктестіктің ішкі еңбек тәртібі қағидалары», «Серіктестік қызметкерлерін оқыту және біліктілігін арттыру қағидалары», «Серіктестік қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау туралы ереже», «Серіктестіктің қызметтік іссапарлары туралы ереже».

Басқарма төрағасының бұйрығымен Серіктестік қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары және Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелер бекітіліп, онда бөлімшелердің міндеттері, функциялары, жұмысын ұйымдастыру тәртібі, қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері көрсетілген.

Серіктестікте қызметкерлерді іріктеу және лауазымға тағайындау тәртібі сақталады, бос жұмыс орындары, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі туралы ақпарат орналастырылады. Талдау кезеңінде көтермелеулер мен тәртіптік жазалар жұмыс нәтижелеріне байланысты қолданылды.

Ұсыным. Қызметкерлерді әлеуметтік қолдауда тең жағдай жасау және некесін сақтап отырған қызметкерлер мен қайта некеге тұрған қызметкерлердің әлеуметтік қолдауды тең алуын қамтамасыз ету мақсатында Серіктестік қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау туралы ережесінің 5.14-тармағының 3) тармақшасына толықтыру енгізіп, оны келесі редакцияда жазу ұсынылады: 3) қызметкердің

некесін тіркеуіне байланысты – бір рет, мөлшері 50 АЕК-тен аспайтын көлемде.

Ұсыным. Персоналды басқару кезінде Серіктестік Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 12 маусымдағы №311-VIII «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен енгізілген Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – ҚР ЕК) енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескеруі қажет.

Атап айтқанда, ҚР ЕК-нің 146-3-бабы (Цифрлық кадр жүйесі туралы жалпы ережелер), ҚР ЕК-нің 146-4-бабы (Мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің цифрлық кадр жүйесіндегі кадрлық процестерді жүргізу тәртібі), ҚР ЕК-нің 146-5-бабы (Цифрлық кадр жүйесін жүргізу және оған қол жеткізу).

3. Мүдделер қақтығысын шешу

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу рәсімдеріне келесі бағыттар бойынша мониторинг жүргізілді: бір жағынан әкімшілік регламенттер, лауазымдық нұсқаулықтар мен екінші жағынан жоспарлы көрсеткіштер арасындағы қайшылықтардың болуы/болмауы, Серіктестіктің реттеушілік және бақылау функциялары арасындағы қайшылықтардың болуы/болмауы, Серіктестік қызметкерлерінің лауазымдық функцияларын орындау кезінде мүдделер қақтығысы фактілерінің болуы/болмауы, Серіктестіктің ІНҚ-да мүдделер қақтығысын реттеу талаптарының болуы/болмауы.

Талдау кезеңінде қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылықтар анықталған жоқ, мұндай жағдайда аталған тұлғалардың жеке мүдделері олардың лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкелуі мүмкін.

Мүдделер қақтығысының алдын алу мақсатында Басқарма төрағасының 2023 жылғы 29 маусымдағы №37-ОД бұйрығымен Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу қағидалары бекітілді.

Ұсыным. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 12 маусымдағы №311-VIII «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты Серіктестік лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу қағидаларын жоғарыда көрсетілген өзгерістерге сәйкестендіру қажет.

Атап айтқанда, Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу қағидаларының 2-бөліміне (Терминдер мен анықтамалар) өзгерістер енгізіп, 2.1-тармақтың 3) тармақшасын келесі редакцияда жазу ұсынылады: 3) *мүдделер қақтығысы* – қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған тұлғалардың жеке мүдделері олардың лауазымдық өкілеттіктерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеледі немесе әкелуі мүмкін.

Ықтимал мүдделер қақтығысы – тұлғаның жеке мүдделері оның лауазымдық өкілеттіктеріне қайшы келуі мүмкін жағдай.

Нақты мүдделер қақтығысы – тұлғаның жеке мүдделері оның лауазымдық өкілеттіктеріне қайшы келетін жағдай.

Орын алған мүдделер қақтығысы – тұлғаның жеке мүдделері оның лауазымдық өкілеттіктеріне қайшы келіп, нәтижесінде шарттар немесе мәмілелер жасалған, актілер немесе өзге де шешімдер қабылданған жағдай.

Сондай-ақ Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу қағидаларының 2.1-тармағын қосымша тармақшамен толықтыру ұсынылады, мысалы 6) тармақшамен, әрі қарайғы тармақшалардың нөмірленуін өзгерте отырып: 6) *жеке мүдде* – қызметкердің, лауазымды тұлғаның өзі, жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), жекжаттары және (немесе) онымен байланысты өзге де тұлғалар үшін мүліктік және (немесе) мүліктік емес сипаттағы игіліктерді, пайда немесе артықшылықтарды сатып алуға, алуға немесе иеленуге деген мүдделілігі.

4. Мемлекеттік қызметтерді көрсету

Серіктестік жекелеген функцияларды іске асыру нысаны ретінде мемлекеттік қызметтер көрсетпейді, бұл ретте Серіктестік тапсырма шарттарының талаптарын орындау шеңберінде кәсіпкерлік субъектілеріне консультациялық қызметтер көрсетеді.

5. Рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру

Серіктестік жеке және заңды тұлғаларға белгілі бір әрекеттерді жасауға, қызметті жүзеге асыруға немесе объектілерді пайдалануға арналған ресми құжаттарды беру құқығына ие емес, яғни рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

6. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру

Серіктестік жеке және заңды тұлғалардың қолданыстағы заңнаманы сақтауын, сондай-ақ бюджет қаражатының нысаналы және тиімді пайдаланылуын тексеру жөніндегі өкілеттіктерге ие емес, яғни бақылау-тексеру функцияларын жүзеге асырмайды.

7. Бюджеттік және қаржылық қаражаттарды игеру және бөлу

Серіктестікте Серіктестіктің есеп саясатын, даму жоспарын, жылдық бюджетін бекітетін және Серіктестіктің қаржылық қаражатын тиісінше игеруді қамтамасыз ететін алқалы орган – Серіктестік Басқармасы жұмыс істейді.

Бюджеттік және қаржылық қаражаттарды игеру бойынша есептілік түрлері талданды, оларда бюджеттік және қаржылық қаражаттарды игеру және бөлу рәсімдері бойынша ішкі және сыртқы бақылау мониторингі тетіктері қамтылған.

Серіктестік ішкі бақылау, аудит, тексеру және қаржылық бақылаудың өзге де шараларын уактылы жүзеге асырады, бюджеттік және қаржылық қаражаттарды жұмсаудың ашықтығы қамтамасыз етіледі. Банктердегі ағымдағы шоттарға уакытша бос ақша қаражатын орналастыру тәртібі, тиісті мониторинг, бақылау шаралары және уәкілетті тұлғалардың жеке жауапкершілігі Серіктестікте регламенттелген. Салықтар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді орындау рәсімдері тиісті деңгейде сақталады.

Сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің саны мен көлемі нақты қажеттілікке сәйкес келеді, тауардың бірлігіне белгіленген бағалар негізделген және нарықтық құнына сәйкес келеді, сатып алу жоспары мемлекеттік сатып алу порталына уактылы орналастырылады. Мемлекеттік аудит органдарының камералдық бақылау нәтижелері бойынша сатып алуларды қайта қарау немесе олардың күшін жою фактілері жоқ, сондай-ақ мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ. Серіктестік өнім берушінің тауар жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету шарттарынан туындайтын міндеттемелерді уактылы әрі сапалы орындауын бақылайды және шарт талаптарын тиісінше орындамаған өнім берушілерге қатысты уактылы шаралар қабылдайды.

Серіктестікте 2025 жылғы 24 желтоқсандағы №52 Басқарма шешімімен Серіктестіктің тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулығы әзірленіп, бекітілген, бұл мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға мүмкіндік береді.

8. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Жасалған шарттарды қарау барысында Серіктестік шарттарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер, ұқсас немесе неғұрлым тиімді талаптары бар ұйымдармен шарттар жасасу, компаниялардың үлестестігі (аффилиирленуі) болмауы, контрагентке қолданылатын айыппұл санкцияларының болуы және шарттық міндеттемелер бұзылған жағдайда оларды қолдану, талап қою және сот жұмыстары талданды.

9. Серіктестіктің ақпараттық жүйелерін әзірлеу және пайдалану

Серіктестікте ақпараттық жүйелердің қайталануы және ашық еместігі фактілері анықталған жоқ. Сұранысқа ие, пайдалануға енгізілген ақпараттық жүйелер қолданылады.

2025 жылғы 24 желтоқсандағы №52 Серіктестік Басқармасының хаттамасымен Серіктестік қызметкерлерінің дербес деректерін өңдеу және қорғау туралы ереже бекітілді.

10. Серіктестіктің ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыс тиісті деңгейде ұйымдастырылған, атап айтқанда: құзыретіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл функциялары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциялары кіретін қызметкер тағайындалған, Серіктестікте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарлары әзірленіп, бекітілген. Серіктестік қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шаралары, сондай-ақ қызметкерлердің қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары бойынша білімін тексеру іс-шаралары жүргізіледі.

Серіктестік қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау фактілері және талдау объектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылу фактілері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында Серіктестік қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық сипатындағы заңсыз әрекеттері туралы шағымдары анықталған жоқ.

Серіктестік қызметінің ашықтығы мен жариялылығы қамтамасыз етіледі, атап айтқанда Серіктестіктің электрондық сайтында қоғам үшін маңызды болып табылатын қызмет туралы ақпарат уактылы және ашық түрде жарияланады: сатып алу жоспарлары, бақылау іс-шараларын өткізу жоспарлары, жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл функцияларын реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар, Серіктестіктің бос жұмыс орындары, ұйымдық құрылымы және органдары.

Әлеуетті инвесторларға жобаларды іске асыру процестері, мемлекеттік қолдау шаралары, Астана қаласының инвестициялық мүмкіндіктері түсіндіріледі, инвесторларға арналған жолсілтеме әзірленген. Сайтта сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет бойынша түсіндірмелер, Серіктестіктің байланыс деректері (мекенжайы, телефондары, электрондық поштасы, қосымша ақпарат алу үшін әлеуметтік желілерге сілтемелер), сондай-ақ сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау үшін байланыс деректері орналастырылған және нақты уақыт режимінде электрондық өтініш жолдау мүмкіндігі қарастырылған.

11. Қорытынды бөлім

Серіктестік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша ШЕШІЛДІ:

1) Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерімен және лауазымды тұлғаларымен бірлесіп, осы анықтаманың сипаттамалық бөлігінде көрсетілген және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесінде анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

2) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін Серіктестіктің интернет-сайтында орналастыру.

Басқарма төрағасы

Р.О. Ақбердин



Орындаушы

Комплаенс-офицер Байканов А.Ж.